

2026 ЖЫЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН «БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЛЬТИСПОРТТЫҚ ЖАРЫСЫ

МЕДИА ӨКІЛДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ АККРЕДИТТЕУ ШАРТТАРЫ

1. Қолдану саласы

Осы Аккредиттеу шарттары 2026 жылы Астана қаласында өтетін «Болашақ Ойындары» халықаралық мультиспорттық жарысында [бұдан әрі – Болашақ Ойындары] Аккредиттеу рәсімін тиісінше және тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге арналған. Барлық Аккредиттеу карталары осы Аккредиттеу Шарттарымен және кез келген басқа қолданыстағы заңдар және нормалармен реттеледі.

Осы Аккредиттеу Шарттары Медиа өкілдеріне қолданылмайды. Медиа өкілдері үшін аккредиттеудің жекелеген шарттары бекітіледі.

Анықтамалар

Аккредиттеу	Өзінің функционалдық міндеттерін орындау үшін іс-шара объектілеріне және осы объектілер ішіндегі аймақтарға белгілі бір клиенттік топтардың қол жеткізуін қамтамасыз ету, сондай-ақ осы объектілер ішіндегі осы объектілер мен аймақтарға уәкілетті емес тұлғалардың кіруіне жол бермеу процесі. Берілетін деректерді қорғау «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
Аккредиттеу картасы	Меншік иесін сәйкестендіруге және оның функционалдық міндеттеріне сүйене отырып, Іс-шара объектісіне кіру құқығын анықтауға арналған жеке деректері мен иесінің фотосуреті бар атаулы карта.
Аккредиттелетін тұлға	Іс-шараның барлық қатысушылары, қонақтар, Ойындарды дайындау және өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшелері, Медиа өкілдері, қызмет көрсетуші персонал, монтаждау/бөлшектеу кезеңінде жұмысты жүзеге асыратын мердігер ұйымдардың персоналы, Объектінің қауіпсіздік периметрі шегінде қатысуы қажет азаматтардың өзге де санаттары.
Аккредиттелген тұлға	

Іс-шараның барлық қатысушылары, қонақтар, Ойындарды дайындау және өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшелері, Медиа өкілдері, қызмет көрсетуші персонал, монтаждау/бөлшектеу кезеңінде жұмысты жүзеге асыратын мердігер ұйымдардың персоналы, тексеруден сәтті өткен Объектінің қауіпсіздік периметрі шегінде қатысуы қажет азаматтардың өзге де санаттары.

Аккредиттеу
аймағы

Аймақтарға бөлу схемасына сәйкес қол жеткізуге болатын Болашақ Ойындар объектісінің қауіпсіздік периметріндегі шектеулі қол жетімділік аймағы.

Клиент
көшбасшысы

Клиенттік топтың Ұйымдастырушымен және тиісті клиенттік топқа қатысты мәселелер бойынша Сараптама орталығымен байланыс нүктесі бола отырып, Ұйымдастырушының/Құқық иеленушінің де, Ұйымдастырушының/Құқық иеленушінің ойындарды дайындауға және өткізуге басқа қатысушылармен қарым-қатынасында да тиісті клиенттік топтың мүдделерін білдіретін Ұйымдастырушының немесе Құқық иеленушінің қызметкері.

Клиенттік топ

Болашақ Ойындарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын немесе оларға басқа рөлдерге қатысатын ұқсас функциялары мен артықшылықтары бар адамдардың тобы.

Басқарушы -
бақылаушы

Тәртіп пен мінез-құлық ережелерінің сақталуын үстіртін бақылауды жүзеге асыратын Ұйымдастырушымен тағайындалатын адамға мәжбүрлеп тексеру өкілеттігі берілмейді.

Іс-шара
Болашақ
Ойындары

2026 жылы Астана қаласында өтетін «Болашақ Ойындары» халықаралық мультиспорттық жарысы. Өтетін күндері: 2026 жылғы 29 шілдеден 9 тамызға дейін.
Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы.

Іс-шараның
объектісі

Іс-шараны өткізуге қандай да бір дәрежеде байланысты және/немесе аккредиттеу режимі қолданылатын басқа да ілеспе іс-шараларға арналған инфрақұрылым объектісі.

Ұйымдастырушы	«Қазспортинвест» акционерлік қоғамы ұйымдастырушы елде Болашақ Ойындарын дайындауға және өткізуге жауапты.
Жауапты тұлға [супервайзер]	Осы ұйымның атынан Болашақ Ойындарын дайындауға және өткізуге қатысатын тұлғаларды аккредиттеуге жауапты Жауапты ұйымның өкілі. Ұсынылатын деректердің толықтығы мен уақытылы жасалуына жауапты болып табылады.
Уәкілетті тұлға	Ұйымдастырушымен осы Шарттардың шеңберінде жазбаша түрде арнайы өкілеттіктер берілген тұлға.
Аккредиттеу орталығы	Аккредиттеуге байланысты мәселелер шешілетін Объектінің қауіпсіздік периметрінен тыс Болашақ Ойындары объектісінің жанында орналасқан орын-жай.

2. Аккредиттеуге өтінімдер

2.1 Аккредиттеуге өтінімдерді белгілі бір Клиенттік топтың атынан өтінім беретін Аккредиттеуге жауапты жеке тұлға немесе Супервайзер (жауапты тұлға) бере алады. Аккредиттеу әр тұлғаға жеке беріледі және басқа тұлғаға берілуге жатпайды.

2.2 Аккредиттеуге өтінімдерді тек онлайн немесе Ұйымдастырушымен белгіленген басқа тәсілмен беруге болады. Өтініш беруші толығымен толтырған және белгіленген мерзімге Ұйымдастырушыға ұсынылған Аккредиттеуге арналған Өтінімдер ғана қаралады. Толық толтырылмаған, анық емес немесе кеш берілген өтінім нысандары қарастырылмайды.

2.3 Өтініш берушілер Аккредиттеуді Іс-шара барысында орындайтын функцияларына сәйкес қатаң түрде сұрауы керек.

2.4 Өтінім Нысанын толтыра отырып, Өтініш берушілер осы Аккредиттеу шарттарын оқып, танысқанына, осындай Аккредиттеуге байланысты туындайтын құқықтар мен міндеттер туралы толық түсінігі бар екеніне, (осы Аккредиттеу шарттарын қабылдайды және сақтауға келіседі және Ұйымдастырушыға қолданыстағы заңдар мен нормаларға сәйкес дербес деректерді өңдеуге өз келісімін береді) кепілдік береді және мәлімдейді.

2.5 Жоғарыда көрсетілген 2.4-тармаққа шектеусіз, өтінім Нысанын толтыра отырып, сондай-ақ Аккредиттеуге жауапты Супервайзерлер болып табылатын Өтініш берушілер осы Аккредиттеу Шарттарын олардың атынан Аккредиттеуге өтінім беретін барлық тұлғаларға бергеніне кепілдік береді және мәлімдейді, мұндай адамдардың барлығы осы Аккредиттеу Шарттарын оқып, қабылдады және олар

аталған тұлғалардың осы Аккредиттеу Шарттарын сақтауын қамтамасыз етеді.

2.6 Супервайзердің (жауапты тұлғаның) өтінімдері бойынша аккредиттеуге берілген Клиенттік топ тұлғаларының толықтығы, дұрыстығы және саны үшін Клиент көшбасшысы толығымен жауапты болады.

2.7 Клиент көшбасшысы осы Аккредиттеу шарттарын оқығанына және онымен танысқанына, осындай Аккредиттеуге байланысты туындайтын құқықтар мен міндеттер туралы толық түсінігі бар екеніне кепілдік береді және мәлімдейді, осы Аккредиттеу шарттарын қабылдайды және оны сақтауға келіседі.

2.8 Ұйымдастырушы Өтініш берушінің ақпаратты дұрыс енгізбеуі, Интернет желісіндегі техникалық іркілістер немесе Өтініш берушінің компьютерлік немесе бағдарламалық қамтылым жұмысындағы кез келген ақаулар үшін жауапты болмайды.

3. Аккредиттеуді ұсыну рәсімі

3.1 Аккредиттеуге арналған барлық өтінімдер тексерілуге жатады, содан кейін Ұйымдастырушы Өтініш берушінің тиісті Аккредиттеу туралы шешімін қабылдайды (ол берілген жағдайда). Ұйымдастырушы кез-келген өтінімді қабылдамау құқығын сақтайды. Ұйымдастырушы қабылдаған шешімдердің күші міндетті. Ұйымдастырушының шешімі (мән-жайларға сәйкес) түпкілікті болып табылады және Аккредиттеуден бас тартылған өтініш берушілер Аккредиттеуге қайта өтінім бере алмайды.

3.2 Аккредиттеуге арналған барлық өтінімдер тексерілуге жатады, ал Аккредиттеуді Ұйымдастырушы Өтініш беруші осындай тексеруден сәтті өткен жағдайда ұсынады.

3.3 Ұйымдастырушы белгіленген тәртіппен барлық Өтініш берушілерді олардың Аккредиттеуге өтінімінің мәртебесі туралы ақпараттық таратылым арқылы немесе Өтініш берушінің аккредиттеу жүйесіндегі өз өтінімінің мәртебесін дербес қадағалауы арқылы хабардар етеді.

3.4 Ұйымдастырушы Аккредиттелген тұлғаның тиісті хабарламасымен Аккредиттеуді өзгерту немесе шектеу құқығын сақтайды.

3.5 Аккредиттелген тұлғаға бір Аккредиттеу картасы беріледі, ол Ойын Объектілерінде болған кезде әрқашан көрініп тұруы керек. Мұндай Аккредиттеу картасы дербес болып табылады және беруге жатпайды. Әрбір Аккредиттелген тұлғаға тиісті Аккредиттеу картасында көрсетілген Объектілер мен Аймақтарға кіруге рұқсат етіледі. Аккредиттеу картасы жеке басын куәландыратын құжатты (туу туралы куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, шетелдік төлқұжат, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, босқын куәлігі, Қазақстан Республикасы шетелдігінің тұруға ықтиярхаты) көрсету арқылы алынуы мүмкін (өтінім Нысанында көрсетілген "Жеке басты

куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы №73-V Заңының талаптарына сәйкес). Аккредиттеу картасын алған кезде Аккредиттелген тұлға Аккредиттеу картасын алғанын растау туралы тізімдемеге қол қоюы тиіс.

3.6 Ұйымдастырушы Жұмыс берушімен келісім бойынша кез келген Аккредиттелген тұлғаның Аккредиттеуін біржақты тәртіппен кері қайтарып алу құқығын сақтайды. Аккредиттеу мынадай жағдайлардың кез келгенінде кері қайтарып алынуы мүмкін: Аккредиттеу картасына қандай да бір өзгерістер енгізілді (мұндай өзгерістерді Ұйымдастырушының өкілдері енгізген жағдайларды қоспағанда); және/немесе Аккредиттелген тұлға осы Аккредиттеу шарттарын сақтамайды. Сонымен қатар, Аккредиттелген тұлғаның Аккредиттеуді алу талаптарына сәйкес келетін мән-жайлар бұдан былай болмаған жағдайда, Ұйымдастырушы кез келген Аккредиттелген тұлғаның Аккредиттеуін біржақты тәртіппен кері қайтарып алу құқығын сақтайды. Аккредиттеу кері қайтарылған жағдайда Аккредиттеу картасы жарамсыз болады және Аккредиттелген тұлға объектілерге қол жеткізу құқығынан айырылады. Бұл ретте Аккредиттелген тұлға Аккредиттеу картасын дереу аккредиттеу орталығына қайтаруы тиіс.

3.7 Аккредиттеу картасы жоғалған немесе ұрланған жағдайда, Аккредиттелген тұлға жоғалған немесе ұрлық анықталғаннан кейін 24 сағат ішінде бұл туралы Аккредиттеу орталығына хабарлауы керек. Бұл жағдайда Ұйымдастырушы жаңа Аккредиттеу картасын беру туралы шешімді қабылдайды.

4. Аккредиттеуді пайдалану

4.1 Өтініш берушілер Аккредиттеуді Іс-шара барысында орындайтын функцияларына сәйкес қатаң түрде пайдалануы керек. Іс-шара Объектілеріне кіру тек жарамды Аккредиттеу картасын көрсеткен кезде ғана рұқсат беріледі. Объектілерге қатысатын аккредиттелген адам әрқашан Аккредиттеу картасын көрінетін жерде алып жүруі керек. Ойын Іс-шарасының объектілерінде қалу үшін Аккредиттелген тұлға осы Аккредиттеу шарттарының 5-бабында баяндалған қауіпсіздік туралы талаптарды, сондай-ақ Іс-шара объектілерінде қолданылатын қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды сақтауы тиіс.

4.2 Барлық Аккредиттелген тұлғалар өздерінің жауапкершіліктері үшін Іс-шара объектілерінде болатынын мойындайды.

4.3 Ойын іс-шараларының нысандарында жүрген барлық тұлғаларға жарнамалық, коммерциялық, саяси, діни немесе кемсітушілік сипаттағы заттар мен материалдарды пайдалануға, өзімен бірге алып жүруге немесе сақтауға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ егер мұндай әрекеттерге Ұйымдастырушының алдын ала жазбаша рұқсаты алынбаған болса, сусындар, азық-түлік өнімдері, темекі бұйымдары, кәдесыйлар, киім-кешек, жарнамалық және/немесе коммерциялық сипаттағы заттарды сатуға ұсынуға, сатуға немесе сату мақсатында өзімен бірге алып жүруге рұқсат етілмейді. Барлық осындай заттарды

басқарушы-бақылаушылар және/немесе басқа да уәкілетті адамдар алып қоюы немесе уақытша тәркілеуі мүмкін.

4.4 Барлық Аккредиттеу карталары Ұйымдастырушының меншігі болып қала береді. Осы Аккредиттеу шарттарының кез келгені бұзылған жағдайда Аккредиттеу карталары Ұйымдастырушының немесе Ұйымдастырушы уәкілеттік берген кез келген адамның талабы бойынша дереу аккредиттеу орталығына (немесе уәкілетті тұлғаға) берілуі тиіс.

4.5 Аккредиттелген тұлғалардың өз аккредитациясын сатуға немесе өзге де тәсілмен беруге немесе өзінің аккредитациясын үшінші тұлғалармен бірлесіп пайдалануға құқығы жоқ. Аккредиттеу карталарын кез-келген коммерциялық мақсатта пайдалануға болмайды.

4.6 Темекі шегуге (вапингті қоса алғанда) далада темекі шегуге арналған арнайы жабдықталған орындарда ғана рұқсат етіледі.

5. Қауіпсіздік

5.1 Аккредиттелген тұлғалар Ұйымдастырушының қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің және объектіде осындай нұсқаулар беруге уәкілетті барлық тұлғалардың нұсқауларын орындауы тиіс. Әр Аккредиттелген тұлға талап етілген жағдайда жарамды аккредитациялық картасын және жеке басын куәландыратын құжатты (туу туралы куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, шетелдік төлқұжат, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, босқын куәлігі, Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхаты – «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы №73-V Қазақстан Республикасының Заңы талаптарына сәйкес) көрсетуге міндетті. Сондай-ақ Аккредиттелген тұлға жеке тексеріп-қарауды және өзінің кез келген сәмкелері мен өзге де заттарын тексеруді жүргізуге мүмкіндік беруге, тыйым салынған заттарды тәркілеуге келісуге, басқарушы-бақылаушылардың, Ұйымдастырушының қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің және/немесе өзге де уәкілетті тұлғалардың барлық нұсқауларын орындауға міндетті. Аккредиттелген тұлғалар талап бойынша аккредиттеу картасын қалай, кімнен және қайдан алғанын түсіндіруге міндетті.

5.2 Барлық Аккредиттелген тұлғалар ойын Іс-шарасы объектілерінде болған барлық уақыт ішінде тәртіпті бұзбайтындай, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірмейтіндей, басқа Аккредиттелген тұлғаларға және/немесе басқа адамдарға кедергі келтірмейтіндей әрекет етуі тиіс.

5.3 Барлық Аккредиттелген тұлғалар аккредиттеу карталарында көрсетілген арнайы бөлінген аймақтарда ғана орын алуы тиіс және егер Ұйымдастырушы өзгеше көрсетпесе, мұндай аймақтарға

объектіні аймақтарға бөлу схемасында көзделген кіреберістер арқылы ғана кіруі тиіс.

5.4 Алкогольдің, есірткінің немесе басқа да психотроптық заттардың сыртқы әсеріне ұшыраған кез келген адамға немесе агрессивті, қауіпті мінез-құлқы бар немесе қоғамдық тәртіпті басқа жолмен бұзатын кез келген адамға Іс-шара Объектілеріне кіруден бас тартылуы мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы келбеті немесе мінез-құлқы Іс-шараның қоғамдық беделіне теріс әсер етуі мүмкін адамға қол жеткізуден бас тартылуы мүмкін.

5.5 Осы бөлімнің талаптарын сақтамау 3.6-тармақта белгіленген тәртіппен аккредиттеуді кері қайтарып алу үшін негіз болып табылады және осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген салдарға әкеп соғады.

6. Дыбыстар мен суреттер

Суретті көрсету

Аудио және бейне жазу

6.1 Барлық аккредиттелген тұлғаларға егер бұл әрекеттер жеке пайдалану мақсаттарынан тыс жүзеге асырылса (мобильді телефондарды қоса алғанда, кез келген құрылғылар арқылы) Іс-шаралардан дыбыстарды (соның ішінде түсініктеме беруді) және/немесе бейнелерді (қозғалмалы немесе қозғалмайтын) жазуға, сондай-ақ оларды кез келген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (соның ішінде радио, теледидар, интернет желісі, мобильді деректер тарату құрылғылары арқылы) беруге және/немесе таратуға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ тек жеке пайдалану мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттерді қоспағанда, мұндай әрекеттерді жүзеге асыруда басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға көмектесуге де тыйым салынады.

7. Аккредиттеу Шарттарын бұзудың салдары

7.1 Аккредиттелген тұлға, егер оның әрекеттері осы Аккредитация шарттарына сәйкес келмесе немесе оның аккредитациялық картасы осы Аккредитация шарттарына сәйкес алынбаған болса, Іс-шара нысанына және/немесе Аймаққа жіберілмейді немесе Іс-шара аясында жіберілген Іс-шара нысанынан және/немесе Аймақтан шығарылатын болады. Бұл ретте тиісті Аккредиттеу картасы тәркіленетін болады.

7.2 Егер Ұйымдастырушының Аккредиттелген тұлға осы Аккредиттеу шарттарын сақтамайды деп есептеуге жеткілікті негіздері болса, мұндай Аккредиттеу тұлғасының аккредиттеу картасы тәркіленеді және жарамсыз деп танылады.

7.3 Аккредиттеу кері қайтарылған жағдайда аккредиттеуге қайта өтінім қабылданбайды.

7.4 Ұйымдастырушы өзінің ерекше қалауы бойынша осындай Аккредиттелген тұлғаға қатысты өзге де құқықтық қорғау құралдарын пайдалану құқығын сақтайды.

8. Залалды өтеу

Аккредиттелген тұлғалар өздеріне берілген барлық аккредитациялық карталарды пайдалануға жауапты болады және берілген аккредитациялық карталарға байланысты немесе осы Аккредитация шарттарын сақтамау салдарынан туындайтын кез келген шығындар мен міндеттемелер бойынша Ұйымдастырушыны жауапкершіліктен босатады.

9. Деректерді өңдеу

Аккредиттеуге өтінім бере отырып, Өтінім берушілер Ұйымдастырушыға өтінім нысанында көрсетілген дербес деректерді сақтауға, беруге, өзге де пайдалануға мынадай мақсаттарда рұқсат береді:

- Аккредиттеуге өтінімдерді өңдеу және Аккредиттеу карталарын беру;
- Рұқсатты тексеруді немесе басқа қауіпсіздік тексерулерін жүргізу.

Осыған байланысты Өтініш берушілер мұндай дербес деректердің тиісті мемлекеттік органдарға және/немесе уәкілетті мекемелер мен ұйымдарға берілуі мүмкін екенін мойындайды және онымен келіседі. Деректерді Ұйымдастырушы осы құжатта баяндалған қолдану саласына кірмейтін мақсаттарда пайдаланбауға, өңдеуге, сақтауға немесе беруге тиіс.

10. Күтпеген жағдайлар

Ұйымдастырушы күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда Объектілердің уақытына, күніне және орнына қатысты өзгерістер енгізу құқығын сақтайды. Мұндай жағдайларға еңсерілмейтін күш жағдайлары, қауіпсіздік мәселелері немесе кез келген құзыретті органның шешімдері жатады, бірақ олармен шектелмейді.

11. Байланыс деректері

Ақпарат алу

Жалпы сипаттағы кез келген сұрауларды келесі электрондық пошта accreditation@kazsportinvest.kz мекенжайына жолдау қажет.

Супервайзерлер [жауапты тұлғалар]

Осы Аккредитация шарттарына сәйкес Супервайзерлерге арналған кез келген сұраулар accreditation@kazsportinvest.kz электрондық пошта мекенжайына жолданады.

12. Ережелер мен өзгерістердің дербестігі

12.1 Ұйымдастырушы себептерін түсіндірместен осы Аккредиттеу шарттарына орынды түзетулер енгізу құқығын өзіне сақтайды.

13. Түпнұсқа мәтін

Осы Аккредиттеу шарттары қазақ, орыс тілдерінде жасалып, ағылшын тіліне аударылған. Қазақ / орыс нұсқасы мен аударылған мәтін арасында қандай да бір айырмашылық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие және түсіндіру мен қолдану туралы дауларды шешу үшін пайдаланылады.

14. Дауларды шешу

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген барлық жағдайларда Тараптар осы Аккредиттеу шарттары бойынша туындайтын кез келген құқықтар мен міндеттемелерге қатысты барлық дауларды өзара уағдаластық негізінде реттеуге ұмтылуы тиіс. Егер дауды өзара уағдаластық негізінде реттеу мүмкін болмаған жағдайда, заңмен рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, құзыретінің айрықша орны Астана қаласы болып табылады. Осы құжатқа қарамастан және қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Ұйымдастырушы Аккредитация шарттарының сақталмауына байланысты Аккредиттелген тараптың тіркелген жері немесе тұрғылықты жері бойынша сотта талап-арыз қозғау құқығын өзінде сақтайды.